

Түркістан облысы
Шардара ауданы
№12 жалпы білім беретін мектеп

«Тазалық, тәртіп басты талап» жеке гигиенасы туралы кеңес беру қыздар

жиналысының

ХАТТАМАСЫ

09.10.2025ж.

Қатысқандар: 8,9,10,11 сынып қыздары

Өтетін орны: Акт зал

Күн тәртібінде:

1. Жеке бас гигиенасының маңыздылығы туралы баяндама
2. Мектептегі тазалық ережелерін сақтау бойынша түсіндірме жұмыс
3. Қыз балалардың өзін-өзі күту мәдениеті
4. Ашық пікір алмасу, сұрақ-жауап

Тыңдалды:

Жиналысты тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Н.Усенова ашты. Ол қыз балалар тәрбиесіндегі тазалықтың, гигиенаның рөліне тоқталып, жиналыстың мақсатымен таныстырды. Ол қыз баланың тәрбиесінде тазалық пен ұқыптылықтың алатын орнына тоқталып, бұл жиналыстың басты мақсаты – қыз балалардың жеке бас гигиенасына деген көзқарасын қалыптастыру екенін атап өтті.

Мектеп мейірбикесі Н.Кузурбаева «Жеке бас гигиенасы – денсаулық кепілі» тақырыбында баяндама жасады. Таңертеңгілік және кешкілік күтім

Қол мен тырнақ күтімі

Шаш пен тері тазалығы

Киім мен аяқ киім тазалығы

Арнайы күндерде (етеккір кезінде) жеке тазалық сақтау

Дезодорант, сүлгі, тарақ сынды жеке құралдарды ортақ пайдаланбау қажеттігі

Салауатты өмір салтын сақтау – дұрыс тамақтану, спортпен шұғылдану

Сынып жетекшілері жеке бас гигиенасына қатысты тәжірибелік кеңестер беріп, оқушылармен ашық диалог жүргізді. Қыз балалар жасөспірім кезеңіндегі дене өзгерістері, тері күтімі, әдептілік, ұқыптылық тақырыптарында сұрақтар қойып, жауаптар алды.

Оқушылар тарапынан келесі сұрақтар қойылды:

- «Тері майлы болған жағдайда не істеу керек?»
- «Қауіпсіз гигиеналық құралдарды қалай таңдаймыз?»
- «Спортпен айналысқанда теріні қалай күтеміз?»

Мектеп мейірбикесі мен педагогтер сұрақтарға нақты жауап беріп, жеке күтімге арналған кеңестер ұсынды.

4.Қорытынды:


Жиналыс соңында оқушылар жеке бас гигиенасын сақтау – өзіне деген жауапкершілік екенін түсініп, тазалықты ұстануға уәде берді. Алдағы уақытта осындай тақырыптағы кездесулер жиі өткізілетіні айтылды.

Қаулы:

1. Қыз балалар арасында жеке бас гигиенасына байланысты апталық тәрбие сағаттары ұйымдастырылсын.
2. Әр қыз бала жеке тазалық құралдарын қолдануға дағдылансын.
Мектепте санитарлық тазалықты сақтау қадағалансын

Жиналыс төрайымы:

Хатшы:



Н.Усенова

Ш.Әзбергенова